

Егемен Қазақстан

Егемен.kz

## Патриархтың орындалған парызы



**Қаламгердің тойы – халықтың тойы. «Қан мен тер», «Курляндия» («Күткен күн»), «Соңғы парыз», «Сең» сынды романдардың авторы, Қазақстан және КСРО Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, Халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің 95 жылдық мерейтойына арналған салтанатты жиын сүбелі шығармаларын қызыға оқып келе жатқан қарапайым оқырмандары мен қанаттас қаламгерлердің, алыс-жақын шетелдердегі әдебиет табыстырған рухани достарының, еліміздің әр өңірлерінен ат арытып келген сыйлас бауырларының, биліктің биік сапында жүрген лауазымды тұлғалардың мол шоғырын бір мезгілде тоғыстырған мерекелік кеш ретінде ерекше есте қаларлықтай аталып өтті.**

Әдетте, Алматыда аталып өтетін қаламгерлердің мерейтойында халықтың қарасы қалың болғанымен, ардақтап келер әкімқаралар қатары сиректеу көрінетін еді. Бұл жолы қаламын ғана серік еткен қарапайым қаламгерді құрметтеп келген министрлер мен әкімдердің көптігінен көз сүрінді. Олардың бәрі де протокол бойынша жоспарланғандықтан келуі тиіс көп шараның бірі ретінде емес, «Қан мен терді» жас күнімнен жастанып жатып оқыған оқырманыңмын» деп келді. Сахна төріне атақты ғалым Мырзатай Жолдасбеков пен белгілі жазушы Төлек Әбдікті қатар жайғастырып, 95-тің торқалы тойын сергек қарсы алып, құлағын тілекке тосқан Ә.Нұрпейісовке көрсетілген құрмет пен құттықтаулардың легінде толас болмады. Қаламгерлер қауымы «Әбе» деп төбесіне көтерген, қазақ әдебиетінің бұрқ-сарқ қайнаған қара қазанына өмірдің өзіндей шынайы да жасампаз туындыларын әкеп салып, рухани әлемнің абызы мен аңызына айналған көрнекті жазушыны бірінші болып Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаев құттықтады. Қ.Елеуұлы алдымен Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаев пен Қазақстанның Президенті Қ.Тоқаевтың құттықтау хаттарын оқып беріп, өзі де үлкен мінберден ақжарма тілегін жеткізді.

«Ұлы М.Әуезов қайтыс боларының алдында Мәскеуден арнайы хат жазып, өзі үміт артатын төрт жас қаламгердің аты-жөнін атағанын сіздер жақсы білесіздер, деп бастады сөзін Қ.Елеуұлы. – Соның бірі – Әбе, Әбдіжәміл Нұрпейісов алаш жұртының абызына, әдебиеттің алтын діңгегіне айналды. Әбе – ешкімге ұқсамайтын жазушы. Әдебиетке келген жас жазушылар алғашқы қадамын әңгіме, повесть жазудан бастаса, ол бірден роман жазды. Ал «Қан мен тер» романы эп-сәтте әлемдік әдебиеттің алтын қорына қосылды. Әлем жазушысы Арал проблемасына бүкіл әлемнің назарын аударды. Ол туған елінің алдындағы парызын еселеп өтеген қаламгер», дей келіп, көпшілік қауымға Елбасы Н.Назарбаевтың құттықтауын оқып берді. «Құрметті Әбдіжәміл Кәрімұлы! Мерейлі 95 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын. Көзі тірі классик, сөз өнерінің саңлағы, көрнекті қаламгер және қоғам қайраткері ретінде сіз ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетіміздің дамуына, оның әлемдік деңгейде танылуына сүбелі үлесіңізді қостыңыз. Қалың оқырман жақсы білетін «Қан мен тер», «Соңғы парыз» сияқты әйгілі шығармаларыңыз арқылы оқырманның, бірнеше буынының шынайы құрметіне бөлендіңіз. Халқымыздың сан салалы тыныс-тіршілігін эпопеялық ауқымда суреттеп, өмірде қайталана бермес бірегей тұлғалардың бейнесін сомдаған көркем туындыларыңыз жас ұрпаққа ұлағатты ой айтуымен, тағылымды тәрбиелік мәнімен ерекшеленеді» делінген Елбасы құттықтауында.

«Құрметті Әбдіжәміл Кәрімұлы! Мерейлі 95 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймын. Сізді егемен еліміздің әдебиеті мен мәдениетінің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан аса көрнекті жазушы, сөз өнерінің патриархы ретінде қадірлейміз. Қазақтай елдің арасынан дараланып шығып, бірегей тұлға дәрежесіне көтерілген өзіңізді үнемі мақтан тұтамыз. «Қан мен тер», «Соңғы парыз» романдарыңыз қазақтың көркем сөзінің алтын қазынасына еніп, әлем әдебиетінде өзіндік орны бар рухани мұраға айналды. Баршаны алаңдатқан Аралдың ахуалы сіздің қайталанбас шығармаларыңыздан көрініс

тапты. Ел мүддесін жаһандық деңгейге жеткізіп, оқырманның шексіз ықыласына бөленіп келесіз» деп жазады Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысының лебізін жеткізген Қырымбек Елеуұлы жазушының ғасырлық тойында бірге болуға үміт артып, жазушылық жолы мен ғибратты ғұмырының жалғаса беруін тіледі.

95 жасқа толып отырған толағай жазушының тойына арнайы баяндама жасаған белгілі жазушы-драматург Смағұл Елубай өз сөзін қарт қаламгердің жұртты таңырқатып келе жатқан «түсініксіз қырын» түсіндіруден бастады. Қаламгердің өзіне өзі беймаза жұмыс тауып алып, баяғыда бағасын алып қойған «Қан мен терді» қайта-қайта өңдей беруінің сырына тоқталды. Баяндамашының топшылауынша, кітапқа құрметі алабөтен алдыңғы буын ұрпақ ауысып, кейінгі қолынан телефоны түспейтін келер буынға кітап оқытудың кілті мен жолын алғаш болып тапқан адам – Әбдіжәміл ағамыз. Кешегі әдебиет алыптарының ойы түгілі түсіне кірмеген заман басталғанда, оның жазушыға қойған бірінші талабы – қысқа жазуды еріксіз таңғанын үлкен-кіші қаламгер бүгінде тегіс мойындап отыр. Ә.Нұрпейісовтің жанын отқа да, суға да салып, күндіз күлкі, түнде ұйқыдан айырылып, ширек ғасырдан астам уақыт бойы «Қан мен терді» қырнап-жонумен болғанынан жұрт хабардар. Ақыры қаламгердің өзі күткен нәтижеге қол жеткізгенін залдағы оқырманның көпшілігі С.Елубайдың баяндамасынан естіп, сүйінішін қол соғумен білдірді. Сондай-ақ қаламгерді жақынырақ білетін С.Елубай оның ұлттық намыс сыналған сын сағаттарында солқылдамайтын өткір мінезін, қиын шақтарда қасқайып қарсы тұрар қайраткерлік қырын да көпшілікке беймәлім болып келген көрнекті мысалдармен атап өтті.

Салтанатты жиынның сахнасына көтерілген Сенат депутаты Қуаныш Сұлтанов өзінің жүрекжарды тілегімен бірге, Парламенттің қос палатасының төрағалары – Қазақстан Республикасы Парламент Сенатының төрағасы Дариға Назарбаева мен Мәжіліс төрағасы Нұрлан Нығматуллиннің, ал Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова Премьер-Министр Асқар Маминнің жолдаған құттықтауын жеткізді. Мемлекеттік лауазымды тұлғалардың бәрі де Әбдіжәміл Кәрімұлының қалам қайратын жоғары бағалай отырып, қазақ әдебиетін әлемге танытқан еңбегінің әлі сан ұрпақ өкіліне өнеге болатынын жеткізген.

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев құттықтау сөзін өзінің сүйікті жазушысына өз қолымен «Алматы қаласының құрметті азаматы» атағын тапсырғанына мақтанатынымен бастады. Бүкіл саналы ғұмырын шығармашылыққа арнап, бірнеше буынды өз шығармаларымен тәрбиелеп келе жатқан жазушының мерейтойы – әдебиеттің тойы ғана емес, мұндай дүбірлі мерекенің халыққа да ортақ мерекесі болуға хақысы барын орынды атап өтті. «Әбдіжәміл ағамыздың абырой-атағын, марапат-мақтауын айтып, таныстырып жатудың қажеті жоқ. Нұрпейісовтің атын естімеген, оның шығармаларын оқымаған, оларды экран арқылы көрмеген адам жоқ десе де болады. Жастайынан ұлы Мұхтардың назарына ілігіп, Сәбендер мен Ғабендердің батасын алып, әдебиетімізге қымсынып келген қаламгердің барлық сәулелі шақтарын, бейнеті мен зейнеті мол бақытты кезеңін осы Алматы қаласында өткізіп келеді. Әлем таныған шығармаларын осында жазды. Шығармалары әлемнің 35 тіліне аударылып, миллиондаған данамен жер жүзіне тарады. Замандастарын, іні, шәкірттерін үнемі таңғалдырып келеді. Қазақ ПЕН клубын ашып, оның жұмысын жолға қойғаны – ерлікпен пара-пар, үлкен сауапты іс. Астым-тастым, болдым-толдым демей, өзінің биязы табиғи қалпынан айнымаған, кешегі алыптар шоғырының ізін басқан қазақ әдебиетінің абыз авторы Әбеңнің бекзат болмысы, жасаған еңбегі бәрімізге өнеге болуы тиіс», деді Алматы әкімі Бақытжан Әбдірұлы.

Туған жері – Сыр елінің ыстық ықыласы мен сәлемін ала келген Қызылорда облысының әкімі Қуанышбек Ысқақов өз лебізін қаламгер туып-өскен өңірдегі рухани

игілікті шаруаларды оның шығармашылығымен қабаттастыра, орайластыра атап өтті. Туған топырағында 90 жылдығы құрметіне орайлас ашылған Әбдіжәміл Нұрпейісов атындағы Әдебиет үйі бүгінде қарасөздің қадірін түсінген көзіқарақты оқырманның рухани ордасына айналғанын зор мақтанышпен айтты. Жазушының шығармаларындағы кейіпкерлерге арналып қойылған композициялық ескерткіш Арал қаласының көркіне көрік қосып, ажарын ашқан бірегей туынды ретінде тұрғындар мен қала қонақтарының сүйікті орнына айналуы да аудан үшін рухани жетістіктің бірі. Бір топырақта туып, әдебиетке құбылыс болып келіп, дүние жүзіне танылған жазушы ағалары – аймақтың ғана емес, күллі ұлттың мәңгілік мақтанышы.

Ғасырдан ғасырға жететін туындыларын өмірге әкеліп, сол шығармаларының игілігін көріп, өзі де ғасырға жуық өмір кешіп келе жатқан Әбдіжәміл Нұрпейісов қалың оқырманына ілтипаты мен алғысын білдіріп, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастаған ісіне қолдау білдіріп, ел болып демеп отыруға шақырды. Қазақтың біртуар перзенті, әлемге танымал классик жазушының мерейтойына арналған шығармашылық кештің екінші бөлімі концерттік бағдарламаға ұласты. Концертте Түркештің «Көңілашары» самғап, айтыс ақыны Мұхтар Ниязов арнау айтып, М.Әуезов атындағы әкемтеатр әртістері «Қан мен тер», Ғ.Мүсірепов атындағы Балалар мен жасөспірімдер театры «Сең» спектакльдерінен үзінділер көрсетті. Қазақстанның халық әртісі Роза Рымбаева, Мәдина Сәдуақасова, Мемлекеттік «Салтанат» би ансамблі, Абай атындағы Опера және балет театры әртістерінің өнері мерейтойды шынында да нағыз халықтың мерекесіне айналдырып әкетті.

Айгүл АХАНБАЙҚЫЗЫ